

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 маусымдағы N 60 Заңы

Астанада 2004 жылғы 27 тамызда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

(2005 жылғы 30 маусымда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

(Бейресми аударма)

N 11/1-1-842

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 27 тамызда белгіленген Республика Сарайына (Алматы) дыбыс жабдықтарын жеткізудің жапон мәдени грантына қатысты алмасу ноталарына сүйене отырып, Жапония Елшілігіне өзінің ілтипатын білдіреді және аталған алмасу ноталарының 3-ші тармағында көрсетілген қызмет көрсетулер мен тауарларды жеткізу кестесі бойынша туындаған қиыншылықтарға байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органы жоғарыда аталған алмасу ноталарының 2-ші тармағында көрсетілген мерзімді екі елдің уәкілетті органдары 2006 жылдың 31 наурызына дейін ұзартуды ұсынатындығын х а б а р л а й д ы .

Егер де Елшілік Министрлікті қысқа мерзім ішінде Жапония Үкіметінің уәкілетті органының жауабымен хабардар етсе ризашылығымызды білдірер едік.

Сыртқы істер министрлігі Елшілікке деген өзінің жоғары ілтипат-сенімін жаңғырту үшін осы қолайлы сәтті пайдаланады.

2005 жылғы 10 наурыз, Астана

Жапония Елшілігі

Осымен 2004 жылғы 27 тамызда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің мерзімін ұзарту жөніндегі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі нотасының ағылшын тілінен аударма екендігін растаймыз.

бөлімінің бастығы
(Бейресми аударма)

MD-98/11

2005 жылғы 10 наурыз

Жапония Елшілігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің ілтипатын білдіреді және 2005 жылғы 10 наурыздағы N 11/1-1-842 вербальді нотаға сүйене отырып, Жапония Үкіметінің уәкілетті органы жоғарыда аталған нотада көрсетілген ұсынысты қабылдайтындығы жөнінде министрлікті хабардар етеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і

Осымен 2004 жылғы 27 тамызда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің мерзімін ұзарту жөніндегі Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігі нотасының ағылшын тілінен аударма екендігін растаймыз.

Ұ й ы м д а с т ы р у к а д р

бөлімінің бастығы

Мен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғанды растайтын осы нота мен Жоғары мәртебеңіздің нота жауабы Жапония Үкіметі Қазақстан тарабы осы Келісім күшіне енуі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы Келісім болып саналуын ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

Осы жағдайды пайдаланып, Жоғары мәртебеңізге зор ықыласымды білдіремін".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда көрсетілген келісімді растау және Жоғары мәртебеңіздің Нотасы мен осы Нота Жапония Үкіметі Қазақстан тарабы осы Келісім күшіне енуі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісім болып саналатынына келісімімді білдіру құрметіне ие болып отырмын.

Осы жағдайды пайдалана отырып, Жоғары мәртебеңізге өзімнің үлкен құрметімді білдіруге рұқсат етіңіз.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і

Қасымжомарт Тоқаев

(Ж а п о н т а р а п ы н ы ң н о т а с ы

ағылшын тілінен аударма)

Жоғары мәртебелі,

"Республика Сарайына дыбыстық құрал-жабдықтар жеткізу" (одан әрі - құрал-жабдық) жобасына қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жапон Үкіметі өкілдері арасында жүргізілген жуырдағы келіссөздерге назар аударуға және Жапон Үкіметінің атынан мынадай уағдаластықтарды ұсынуға рұқсат етіңіз:

1. Қазақстан Республикасындағы мәдени қызметтің дамуына ықпал ету мақсатында Жапон Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне қырық тоғыз миллион сегіз жүз мың жапон иені (Ұ 49 800 000) мөлшерінде грант (одан әрі - грант) бөледі.

2. Грант осы келісім күшіне енген күнінен бастап және егер де бұл кезең екі Үкіметтің уәкілетті органдарының екі жақты келісімі жолымен ұзартылмаса 2005 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең ішінде күшінде болады.

3. (1) Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі өз мақсатында және Жапонияда немесе Қазақстан Республикасында өндірілген құрал-жабдықтарды сатып алуға және Қазақстан Республикасындағы құрал-жабдықтарды тасымалдауды қоса алғанда, құрал-жабдықтарды сатып алуға байланысты қызметтер үшін ғана пайдаланылады.

(2) жоғарыдағы (3) параграфтың (1) тармақшасының ережесіне қарамастан, егер екі Үкімет Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан тысқары шығарылған құрал-жабдықтарды сатып алу керек деп есептесе, онда оны Грантта көзделген қаражаттарға алу керек болады.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і*

Қасымжомарт Тоқаев

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапон боданымен келісім-шартты (осы келісімде пайдаланылатын "жапон боданы" термині жапондық жеке тұлғалар бақылайтын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды білдіреді) жапон иенінде жасасады. Мұндай келісім-шарттарды Грантқа қолайлы болу үшін Жапон Үкіметі бекітуге тиіс.

5. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе оның органы белгілеген Жапон банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына шот ашады, және ол тек Грантты іске асыру мақсатында ғана пайдаланылатын болады.

(2) Жапон Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының 4-тармақтың ережелеріне сәйкес бекітілген келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - "Бекітілген келісім-шарттар") алған міндеттемелерін жабуға арналған төлемдерді жапон иенінде 5-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген шотқа төлейді, төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы төлемдерді жүргізуге уәкілеттік берген банктер берген кезде орындалатын болады.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Грант бойынша сатып алынған Құрал-жабдықтарды Қазақстан Республикасының аумағында уақтылы кедендік ресімдеуді және оны ішкі т а с ы м а л д а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

(б) жапон бодандарын Грант шеңберінде жеткізілетін тауарлар мен қызметтерге қатысты Қазақстан Республикасында алынатын кеден бажы төлемдерінен, ел ішіндегі салықтардан және өзге де қаржылық алымдардан босату;

(в) Бекітілген келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізуге байланысты қызметтері қажет болатын жапон бодандарына Қазақстан Республикасына кіруге және өз жұмыстарын орындау үшін онда болуға жағдайлар ұсынуға;

(г) құрал-жабдықтарды тиесілі және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

(д) Грантпен жабылатын жобалардан басқа, Жобаларды іске асыру үшін қажетті шығыстарды төлеу бойынша шаралар қабылдайды.

(2) Грант бойынша сатып алынатын құрал-жабдықтарды тиеп-түсіруге және теңіздік сақтандыруға келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі екі елдің компаниялары арасындағы тиеп-түсіру және теңіздік - сақтандыруда адал және еркін бәсекелестікке бөгет болатын қандай да бір шектеулерді қолданудан бас тартады.

(3) Грант есебінен сатып алынған құрал-жабдықтар Қазақстан Республикасынан тысқары кері экспортқа шығарылмайды.

7. Екі Үкімет жоғарыда аталған уағдаластықтардан немесе оларға байланысты туындауы мүмкін кез келген мәселені қарау кезінде бір-бірінен консультация алады.

Мен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғанды растайтын осы нота мен Жоғары мәртебеңіздің нота жауабы Жапония Үкіметі Қазақстан тарабы осы Келісім күшіне енуі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы Келісім болып саналуын ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

Осы жағдайды пайдаланып, Жоғары мәртебеңізге зор ықыласымды білдіремін.

Й о р и к о К а в а г у т и

Ж а п о н и я С ы р т қ ы

істер министрі

(Қ а з а қ с т а н т а р а п ы н ы ң н о т а с ы

ағылшын тілінен аударма)

Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і ,

Жоғары мәртебеңіздің бүгінгі күнгі төмендегідей баяндалған нотаңызды алғанымызды растап, ризашылығымды білдіремін.

" Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і ,

"Республика Сарайына дыбыстық құрал-жабдықтар жеткізу" (одан әрі - құрал-жабдық) жобасына қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жапон Үкіметі өкілдері арасында жүргізілген жуырдағы келіссөздерге назар аударуға және Жапон Үкіметінің атынан мынадай уағдаластықтарды ұсынуға рұқсат етіңіз:

1. Қазақстан Республикасындағы мәдени қызметтің дамуына ықпал ету мақсатында Жапон Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне қырық тоғыз миллион сегіз жүз мың жапон иені (Ұ 49 800 000) мөлшерінде грант (одан әрі - грант) бөледі.

2. Грант осы келісім күшіне енген күнінен бастап және егер де бұл кезең екі Үкіметтің уәкілетті органдарының екі жақты келісімі жолымен ұзартылмаса 2005 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең ішінде күшінде болады.

3. (1) Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі өз мақсатында және Жапонияда немесе Қазақстан Республикасында өндірілген құрал-жабдықтарды сатып алуға және Қазақстан Республикасындағы құрал-жабдықтарды тасымалдауды қоса алғанда, құрал-жабдықтарды сатып алуға байланысты қызметтер үшін ғана пайдаланылады.

(2) жоғарыдағы (3) параграфтың (1) тармақшасының ережесіне қарамастан, егер екі Үкімет Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан тысқары шығарылған құрал-жабдықтарды сатып алу керек деп есептесе, онда оны Грантта көзделген қаражаттарға алу керек болады.

Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і
Й о р и к о К а в а г у т и х а н ы м ғ а
Ж а п о н и я С ы р т қ ы

істер министрі

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапон боданымен келісім-шартты (осы келісімде пайдаланылатын "жапон боданы" термині жапондық жеке тұлғалар бақылайтын, жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды білдіреді) жапон иенінде жасасады. Мұндай келісім-шарттарды Грантқа қолайлы болу үшін Жапон Үкіметі бекітуге тиіс.

5. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе оның органы белгілеген Жапон банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына шот ашады, және ол тек Грантты іске асыру мақсатында ғана пайдаланылатын болады.

(2) Жапон Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының 4-тармақтың ережелеріне сәйкес бекітілген келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - "Бекітілген келісім-шарттар") алған міндеттемелерін жабуға арналған төлемдерді жапон иенінде 5-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген шотқа төлейді, төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы төлемдерді жүргізуге уәкілеттік берген банктер берген кезде орындалатын болады.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Грант бойынша сатып алынған Құрал-жабдықтарды Қазақстан Республикасының аумағында уақтылы кедендік ресімдеуді және оны ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) жапон бодандарын Грант шеңберінде жеткізілетін тауарлар мен қызметтерге қатысты Қазақстан Республикасында алынатын кеден бажы төлемдерінен, ел ішіндегі салықтардан және өзге де қаржылық алымдардан босату;

(в) Бекітілген келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізуге байланысты қызметтері қажет болатын жапон бодандарына Қазақстан Республикасына кіруге және өз жұмыстарын орындау үшін онда болуға жағдайлар ұсынуға;

(г) құрал-жабдықтарды тиесілі және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

(д) Грантпен жабылатын жобалардан басқа, Жобаларды іске асыру үшін қажетті шығыстарды төлеу бойынша шаралар қабылдайды.

(2) Грант бойынша сатып алынатын Құрал-жабдықтарды тиеп-түсіруге және теңіздік сақтандыруға келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі екі елдің компаниялары арасындағы тиеп-түсіру және теңіздік сақтандыруда адал және еркін бәсекелестікке бөгет болатын қандай да бір шектеулерді қолданудан бас тартады.

(3) Грант есебінен сатып алынған құрал-жабдықтар Қазақстан Республикасынан тысқары кері экспортқа шығарылмайды.

7. Екі Үкімет жоғарыда аталған уағдаластықтардан немесе оларға байланысты туындауы мүмкін кез келген мәселені қарау кезінде бір-бірінен консультация алады.

Рәсімдерді тәптіштеу жөніндегі келісілген хаттама

Жапон Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Республика Сарайына (Алматы қаласы) дыбыстық құрал-жабдықтарды (бұдан әрі - Құрал-жабдықтар) сатып алуға арналған жапон мәдени ынтымақтастығына қатысты 2004 жылғы тамыздың 27-і күні белгіленген Алмасу ноталарының (бұдан әрі - Алмасу ноталары) 1, 3, 4 және 5-параграфтарына сүйене отырып, Жапон Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері екі Үкіметтің уәкілетті өкілдерімен келісілген мынадай рәсімдерді тәптіштеулерді тіркегісі келеді:

1 . Т е н д е р

1) Грант Алмасу ноталарының 3-тармағы 1) тармақшасында белгіленген құрал-жабдықтар мен қызметтерді сатып алу үшін тиімді және кемсітілмей пайдалануы тиіс. Осы талаптарды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Қазақстан Республикасына немесе оның уәкілетті органына құрал-жабдықтарды сатып алу бойынша тендер өткізуге көмек көрсету үшін тәуелсіз және құзыретті агентті тартуы қажет.

Бұдан әрі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы қосымшада санамаланған Агент қызметінің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасына немесе оның уәкілетті органына көмек көрсету үшін Жапон халықаралық ынтымақтастық жүйесінің (JICS) (бұдан әрі - Агент) қатысуымен Алмасу ноталары

күшіне енгеннен кейінгі бір айдың ішінде Алмасу ноталарының 4-тармағында айтылған келісім-шартты жасасуы тиіс;

2) Келісім-шарт Жапон Үкіметі жазбаша түрде бекіткеннен кейін күшіне енеді.

2. Агенттің қаламақысы

1) Алмасу ноталарының 1-параграфында айтылған сомаға Агенттің қаламақысы енгізілуі тиіс;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы жоғарыда аталған келісім-шартқа сәйкес Алмасу ноталарының 5-тармағының 1) тармақшасында айтылған банкке осындай төлемге өкілеттіктер беруі тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кез келген шенеунігі өздеріне Алмасу ноталарының 4-параграфында айтылған тауарлар мен қызметтер сатып алу бойынша жапон азаматтары жұмысының ешқандай бөлігін алмауы тиіс.

4. Алмасу ноталарының 1-параграфында айтылған Гранттың жоспарын және/немесе схемасын өзгерту қажет болған жағдайда Қазақстан Үкіметі консультация өткізуі және Жапон Үкіметінен мұндай өзгерістер енгізуге келісім алуы тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі*

Қасымжомарт Тоқаев

*Жапонияның
Сыртқы істер министрі*

Йорико Кавагути

Талқылау хаттамасы

Республика Сарайына (Алматы қаласы) құрал-жабдықтар сатып алу үшін жапон мәдени ынтымақтастығы туралы 2004 жылғы 27 тамыздағы Алмасу ноталарына (бұдан әрі - Алмасу ноталары) байланысты Жапон делегациясы мен Қазақстан делегациясының өкілдері мыналарды тіркегісі келеді:

1. Жапон делегациясының өкілі Алмасу ноталарының 3-тармағының 1) тармақшасына қатысты яғни Қазақстан Республикасының Үкіметі Алмасу ноталарының 4-параграфында айтылған келісім-шарттарды ұсынғаны үшін кез келген сыйтарту немесе сыйақы беру ұсынысын болдырмау үшін қажетті шаралар қолданатынын Жапон Үкіметі түсінеді деп хабарлайды.

2. Қазақстан делегациясының өкілі Жапон делегациясы өкілінің жоғарыда көрсетілген өтінішіне оның делегациясы қарсы емес деп хабарлайды.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі*

Қасымжомарт Тоқаев

*Жапонияның
Сыртқы істер министрі*

Йорико Кавагути

Қосымша

Агент қызметтерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Қазақстан Республикасындағы Жапон Елшілігіне жазбаша нысанда жолдаған сұрауы негізінде сатып алуға тендер жарияланатын тауарлардың (бұдан әрі - Құрал-жабдықтар) тізімін дайындау.

2. Құрал-жабдықтардың бағасы мен сипаттамасын зерттеу және тендер үшін неғұрлым жоғары баға шегін анықтау.

3. Тендердің мерзімдері мен тәртібін және техникалық сипаттамасын қамтитын тендерге арналған құжаттардың жобасын дайындау.

4. Тендерді жариялау және тендердің құжаттарын тарату.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе оның уәкілетті органына үміткерлердің қатысуымен Агенттің офісінде тендер өткізуге және жеңімпазды анықтауға көмек көрсету.

6. Тендер бойынша ағылшын тілінде есеп дайындау және есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе оның уәкілетті органына ұсыну.

Осымен 2004 жылғы 27 тамызда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің бұл мәтіні ағылшын тілінен аударма екендігін растаймыз.

Министр

Осымен 2004 жылғы 27 тамызда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын Тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы	м и н и с т р л і г і н і н
і с т е р	д е п а р т а м е н т і н і н
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ	д е п а р т а м е н т і н і н
Х а л ы қ а р а л ы қ	б а с қ а р м а с ы н ы ң
ш а р т т а р	

Бастығы